Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

2 қараша сенбі
№87 (2097)
2024 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Жер бетіндегі жеті миллиардтан астам адам үшін экологиялық, ғаламдық мәселенің бірі – қалдық. Оның түрі мен қоршаған ортаға қаупі қаншалықты маңызды болса, уақытында тазартып, жойып отыру да кезек күттірмейтін жұмыс.

Дүниежүзілік банктің есебінше, 2050 жылға қарай әлемдегі тұрмыстық қалдықтың көлемі 3,4 млрд тоннаға жетеді. Бұл келешекте Жер планетасының үлкен қоқыс полигонына айналатынын білдіреді. Елдегі қоқыс полигондарының жағдайы қалай? Әлем елдерінің тәжірибесіне сүйенсек, қалдықтан құтылу үшін қандай шаралар қолданылуда?

ҚАЛДЫҚСЫЗ ҚАЛА НЕМЕСЕ ӘЛЕМ НАЗАР АУДАРҒАН МӘСЕЛЕ

БІР ҚОҚЫСТЫҢ ТАҒДЫРЫ

Сарапшылар қалдықтарды пайда болуына қарай тұрмыстық, өнеркәсіптік, ауылшаруашылық, радиоактивті деп бөліп қарастырады. Тұрмыстық қатты қалдықтардың құрамына тағам қалдықтары, қағаз, металл сынықтары, резеңке, шыны, ағаш, мата, пластикалық және синтетикалық қалдықтар кіреді. Атмосфералық тұнбалар, қоқыстардың өрт салдарынан еруі тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарында физика-химиялық және биохимиялық үрдістердің жүруіне әсерін тигізеді. Яғни қалдықтарды сақтағанда сұйық, қатты және газ тәрізді көптеген улы химикат пайда болады. Бұл биосфераға және адамзат өміріне үлкен қауіп төндіреді, қоқыстардың қоршаған ортаға биогендік әсерінің нәтижесінде жәндіктер, құстар, кеміргіштер арқылы бактериялар мен вирустар үлкен қашықтыққа тарайды. Сондай-ақ мамандардың айтуынша, сұйық өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар топырақ және өсімдік қабатын, жерасты суларын улы заттармен жоғары деңгейде концентрациялайды.

Қоқыстың сақталу ұзақтығы бірнеше жүз жылға дейін баратынын атап өттік. Соның ішінде газет, картон қағаздар – 3 ай, ағаш тақтайшалар, аяққиімдер мен банкалар – 10 жыл, темір бөлшектер – 20 жыл, сағыз – 30 жыл, автомобиль батареялары – 100 жыл, полиэтилен пакеттері – 100-200 жыл, пластикалық бөтелкелер – 200 жыл, балаларға арналған бір реттік жаялықтар – 300-500 жыл, шыныдан жасалған бұйымдар – 1000 жылдан астам уақытқа дейін шірімей, жата береді. Олар ұзақ сақталған сайын ауаға сіңіп, өздері байқамаса да, адамдарда, әсіресе, әйелдер мен балаларда түрлі ауру тудырады.

4-БЕТТЕ

Өткен жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ құрылымындағы машина жасау үлесі 1,9%-ға жеткен. Елде Өндіріс көлемі артып, инвестиция тартуда оң серпін байқалады. Биылғы 9 айда қазақстандық жобаларға шамамен 108,2 млрд теңге бөлінген, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,2 есеге артық. Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов экономиканы әртараптандыру мақсатында отандық машина жасау өндірісін дамыта түсіп, салаға жаңа технологияларды енгізу қажеттігін айтты.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПАТРИОТИЗМ: ӨЗГЕНІ ЕМЕС, ӨЗІМІЗДІ ҚОЛДАУ

Саладағы өзекті мәселелердің бірі – жабдықты жаңғырту. Үкімет басшысы машина жасауда техниканың тозуы 40%-ға жуықтайтынын атап өтті. Тек теміржол саласында 2030 жылға дейін елімізде тозығы жеткен 800-ден астам жолаушылар вагоны пайдалануға жарамайды. Қазақстанның өнеркәсіптік инвесторлар одағы дерегіне сүйенсек, ауыл шаруашылығы техникасының 76%-ы жаңартуды қажет етеді.

– Мемлекет басшысы экономиканы әртараптандыру ісінің негізгі өзегі – индустрияландыру екенін атап көрсетті. Өңдеу секторын, бірінші кезекте машина жасау саласын серпінді дамыту өзімізді экономикалық жағынан толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жетуде қозғаушы күш болуы қажет. Мемлекет отандық өндірушілерді белсенді қолдайды. Біздің алдымызда локализациялау үлесі жоғары өндіріс циклін құру міндеті тұр. Бұл ретте, жұмыс тиімділігін арттыру үшін өндірісті дер кезінде жаңғыртып отыру маңызды», – деді Премьер-министр.

Өндірісті роботтандыру мен автоматтандырудың жаһандық үрдістеріне сәйкес кәсіпорындарда цифрлық технологияларды енгізу қажеттілігі атап өтілді.

Бүгінде автомобиль өнеркәсібінде кластерлік өндірісті қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл тәсіл еншілес салалардың дамуын ынталандырады, бүкіл сектор үшін жаңа мүмкіндіктер мен перспективалар ашады.

– Біздің зауыттар әлемдік стандарттарға сай келетін өнімдер шығара алады. Отандық аккумуляторлар, трансформаторлар мен кабельдер, локомотивтер, автомобильдер мен автобустар – осының айқын мысалы. Аталған өнімдер сыртқы нарыққа да шығып жатыр. Біз қай кезде де өзіміздің отандық өндірушілерді қолдаймыз. Бұл ретте экономикалық патриотизм басты қағидатқа айналуға тиіс. Біз қазақстандық өнімдерді сатып алып, сыртқы нарықтарда белсенді түрде дәріптеуіміз қажет, – деді Үкімет басшысы.

2-БЕТТЕ

ЖЕЗҚАЗҒАН ЖОЛЫ мүмкіндіктер тетігіне айнала ма?

«Апталықпен» коллажы

Сұлу Сыр мен Ұлытауды жалғайтын жолдың жыры талай жылдан бері жұртшылықтың шымбайына батып келген еді. «Жол жөнделеді» деген сүйінші хабарды естіген қызылордалықтар малақайын аспанға атып, алақайға басқан еді. Тіпті кейбірі күмәнмен қарағаны да жасырын емес. Бүгінде қайта жаңғырту жұмыстары қарқынды жүруде. Жалпы 450 шақырымның 216 шақырымы бізге тиесілі екені мәлім. Осы күні көрші облыс шекарасынан бастап Қызылорда бағытына қарай 90 шақырым тақтайдай тегіс асфальт көлік қозғалысы үшін ашылды. Қазір тек жол таңбаларын сызу мен белгілерін орнату жұмыстары жүріп жатыр.

Үш учаскеде асфальт төсеу жұмысы аяқталды

– «Қызылорда-Жезқазған» автожолы бойынша Қызылорда облысы аумағында 192 шақырым жол қайта жаңғыртудан өтуде. Осы жылдың аяғына дейін 140 шақырымында жаңа асфальт қабатымен жол қозғалысын ашатын боламыз. Жоспар бойынша жобаның аяқталу мерзімі Қызылорда облысында 2025 жылы деп белгіленген. Сонымен қатар жобада мердігер компаниялар жолды абаттандыру, екі жағын тегістеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Осы ауқымды жол құрылысына 700-дей адам жұмылдырылып отыр, – деді ҚР Көлік министрлігі автомобиль жолдары комитетінің басқарма басшысы Нұртілек Хасенов.

Жалпы қайта жаңғыртудан өтіп жатқан күре жол 5 учаскеге бөлінген. Қазір соның үшеуінде негізгі жұмыстар аяқталды. Мердігерлердің 4-еуі – қытайлық компания, біреуі – жергілікті «Қыран» ЖШС. Отандық кәсіпорын алғашқылардың бірі болып жұмысын аяқтағанын ерекше атап өткен жөн. Мұның өзі қазақстандық компаниялардың ауқымды жобаларға қатысып қана қоймай, халықаралық талаптарға сай жол салуға қауқарлы екенін көрсетіп отыр.

3-БЕТТЕ

ТІЛ БІЛІМІНЕ ТЕРЕҢ БОЙЛАҒАН МЕКТЕП

Ақпарат пен технология ғасырында сәт сайын тың технологиялар дүниеге келіп, қолданыс аясы кеңеюде. Мұның барлығы білім мен ғылымға ден қойған елдердің жеткен жетістігі, даму көрсеткіші. Заман талабына сай ғылымды игеру – бүгінгі күннің басты талабы. Бұл ретте бар жауапкершілік білім беру орындарына артылатыны сөзсіз. Қазіргі таңда елімізде білім беруде уақыт талабына сай инновациялық технологияларды қолдану міндеттелген. Жаңа инновациялық тәсілдер негізінде мектептерге жағдай жасау – білім саласын дамытудың, білім мен ғылымды игеретін ұрпақ тәрбиелеудің негізі болмақ.

А.Байтұрсынов атындағы №211 орта мектебі – білім беру ісінде жаңа бастамаларды жүзеге асырып, білімді, білікті, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуді мақсат еткен білім ордасының бірі. Мектептің 35 жылдық тарихы бар. Тәуелсіздік алған алғашқы жылы Алаш қайраткерінің есімі беріліп, бүгінде ұлт ұстазының атына лайық білім беруді жолға қойған десе де болады.

Мыңнан астам шәкірт тәрбиелеп отырған оқу ордасының ғимараты биыл күрделі жөндеуден өткен. Жаңа ғимарат іші жарық, жылы, жайлы. Оқушының білім алуына қажетті құралжабдықтармен қамтамасыз етілген. Оқу кабинеттері, зертханалар заманауи технологиямен жабдықталып, баланың тек теория тұрғысында емес, тәжірибе жасап көруіне де қолайлы жағдай жасалған. «Білім берудегі өзгерістің 1000 көшбасшысы» жобасы аясында мектеп басшысы Айжан Әлімова білім ошағының жұмысын жандандырып, сапалы білім беруді арттыруда жас та болса іскерлігін көрсетіп, қолдан келер мүмкіндікті қалт жібермей, жүйелі жүргізіп келеді. Ол алда үлкен жобаларды жүзеге асыруды көздеп отырғанын айтты.

3-БЕТТЕ

Баспасөз-2025

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз.
Жекелер үшін
6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПАТРИОТИЗМ:
ӨЗГЕНІ ЕМЕС, ӨЗІМІЗДІ ҚОЛДАУ

Мұнай-газ машина жасау саласында 50-ге жуық кәсіпорын жұмыс істейді. Өндіріс көлемі $160 млн-ға жетеді, ал импорт көлемі $1,6 млрд-тан асады. Премьер-министр он есе айырмашылыққа және алшақтықты төмендету қажеттігіне назар аударды.

Жаңадан отандық өндірістерді құруға жәрдемдесу үшін халықаралық мұнай-газ машинасын жасау орталығы құрылды. Honeywell, PetrolValves, Wika сияқты халықаралық компаниялардың өнімдерін локализациялау жобалары сәтті жүзеге асты. Олжас Бектенов халықаралық операторлардың қазақстандық кәсіпорындармен ұзақмерзімді шарттар жасасуға кепілдік беру жөніндегі орталықтың өкілеттіктерін кеңейту қажеттігін атап өтті.

Премьер-министр Өнеркәсіп және құрылыс, Қаржы, Ұлттық экономика министрліктеріне, «Бәйтерек» холдингіне мақұлданған қаржы-экономикалық негіздемелер шеңберінде машина жасаудағы жобаларды қосымша қаржыландыруды тапсырды. Үкімет басшысы машина жасау кәсіпорындары өндірісті жаңғыртып, тауарлардың жаңа түрлерін шығару үшін жеңілдетілген несиелермен қамтамасыз етуге тиіс екенін атап өтті.

Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаевтың айтуынша, бүгінде елімізде өңдеу өнеркәсібінің экономикадағы үлесі тау-кен саласынан асып, тұрақты өсім көрсетуде. Өз кезегінде, машина жасау саласы шамамен 20% үлесімен өңдеу өнеркәсібінде жетекші орыннан көрінуде.

Саладағы 4 мыңға жуық компанияда 120 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Мәселен, халықаралық тәжірибеге сәйкес, бір жұмыс орнын құру аралас салаларда шамамен жеті-сегіз жұмыс орнының пайда болуын ынталандырады. 2024 жылдың 9 айында шамамен 124 млрд теңгеге инвестиция тартылып, яғни 2 есеге өскен. Өндіріс көлемі 3 трлн теңгені құраған. Нақты көлем индексі – 104,2%. Машина жасау құрылымында ең үлкен үлесті автомобиль жасау, теміржол және электр техникасы машинасын жасау алады.

– 9 айдың қорытындысы бойынша елімізде 82 мыңнан астам жеңіл автокөлік шығарды. Біз отандық автокөліктердің өндірісін нығайтуға баса назар аударамыз. Бұл дегеніміз елімізде шығарылатын автокөліктерде отандық компоненттердің үлесін арттыру. Осы бағытта шетелдік және отандық инвесторлар ел аумағында жаңа зауыттар салуға өз қаражатын құюға дайын», – дейді министр Қанат Шарлапаев.

Бүгінде Changan, HAVAL, Chery автомобильдерін шығаратын зауыттың құрылысы аяқталуға жақын, оның қуаты 90 мың бірлікті құрайтын шағын торапты құрастыруға толығымен негізделген. Сонымен қатар теміржол машинасын жасауда кәсіпорындар 423 млрд теңге сомасына өнім өндірді, былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда өсім 1,5 есе көп. Жыл қорытындысы бойынша жүк вагондарының өндірісін 4 есеге – 2 000 бірлікке дейін жеткізуді жоспарланған. Жолаушылар вагондарын 122 бірлікке дейін және локомотивтерді 130 бірлікке дейін жеткізу міндеттелді. Әлемдік Wabtec және Alstom компанияларының технологиялары бойынша локомотивтер, сондай-ақ жүк және жолаушылар вагондарының өндірісі жолға қойылған. Жалпы, теміржол машинасын жасау саласының өсу әлеуеті зор. Мәселен, елдегі теміржол паркі шамамен 139 мың бірлікті құрайды. Оның орташа тозу деңгейі – 55%.

Ауыл шаруашылығы машиналарын жасауда соңғы 5 жылда өндіріс көлемі 4 есеге өскен. 9 айдың қорытындысы бойынша 5 мыңнан астам трактор мен комбайн өндірілді. Қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер отандық өндірістің, оның ішінде CLAAS, Horsch, Deutz Fahr әлемдік брендтерінің заманауи техникасымен қамтамасыз етілген. Биыл әлемдік нарық көшбасшылары, жаңа ірі инвесторлар – Amazone және Zoomlion елімізге келді.

Сонымен қатар трактор кабиналары мен комбайн бункерлері сияқты ірі бөлшектердің өндірісі іске қосылды.

– Тоғыз айдың қорытындысы бойынша біз электр техникалық машина жасау өнімдері өндірісінің шамамен 23%-ға, қорғасын аккумуляторлары мен кабель-өткізгіш өнімдері өндірісінің орта есеппен 17%-ға өскенін байқап отырмыз. Отандық өндірушілер көптеген ірі электроника, сауда үйлерінде сатылатын асүй тұрмыстық плиталары, шағын пеш, кір жуғыш машиналар, теледидарлар, су жылытқыш, шаңсорғыш шығарады. Біз өзімізге халықаралық инвесторларды тарту арқылы халық тұтынатын тауарлар өндірісін кеңейту міндетін қоямыз», – деп мәлімдеді министр.

Қазақстан машина жасаушылар одағының төрағасы Мейрам Пішембаев машина жасау саласы қалыпты қарқынмен дамып келе жатқанын айта келе, мемлекет тарапынан назар аударуды талап ететін кейбір көрсеткіштер мен жүйелі мәселелерге тоқталды. Атап айтқанда, 2023 жылы Қазақстанға тауарлар импортының жалпы көлемі $61 млрд-ды құраған, оның ішінде $25 млрд немесе машина жасау өнімдері 41% болды. Мұнай-газ өнеркәсібі мен тау-кен металлургия кешені үшін машина жасау сияқты маңызды секторлар үлесі Қазақстанның жалпы шығарылымында 2%-дан аспайды.

Сонымен қатар машина жасау саласын отандық шикізатпен және білікті мамандармен қамтамасыз етуге, ұлттық өнеркәсіптік ақпараттық жүйе құруға қатысты мәселелер толық шешімін таппады.

– Біз қазіргі уақытта осы мәселелер бойынша Үкімет пен Сенаттың жобалық кеңесі құрамында жұмыс істеп жатырмыз. Биылғы маусым айында Үкімет Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану кодексіне ішкі құнды дамыту бағдарламаларын бекіту мен іске асыруды және оффтейк келісімшарттарын жасауды талап ететін түзетулер әзірленіп, Мәжіліс қарауына енгізілді. Алайда Мәжіліс заң жобасын қарауға әлі кіріскен жоқ, – деді ол.

Аталған нормаларды тезірек қабылдау Мемлекет басшысының тапсырмасын толық орындауға және оффтейк келісімшарттары үлесін 10%-ға дейін, қазақстандық қамтуды 60%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

«Қазақстанның автокөлік одағы» ЗТБ президенті Анар Мақашеваның мәлімдеуінше, 2024 жылдың 9 айында Қазақстанда 91 мың бірлік автокөлік құралдары өндірілді, бұл ретте өнеркәсіптік өндіріс индексі 86,7%-ды құрады. Жалпы машина жасау саласындағы автомобиль жасау үлесі 39,4%-ды құраса, ал жаңа машиналарды сатудың жалпы көлеміндегі отандық автомобильдердің үлесі 63%-ға жетті.

– Біздің алдымызда салада қосымша жұмыс орындарын ұйымдастыру бойынша үлкен міндет тұр. Келесі жылы шамамен 5000 жұмыс орны ашылмақ. Президент салалық мамандар тапшылығының өткір проблемасын атап өтті. Біздің сала әсіресе инженерлер мен жұмысшылар жетіспеушілігі сезінуде. Тек бір ғана кәсіпорында 2025 жылдың мамырына дейін бір ауысымды қамтамасыз ету үшін 2500 жұмысшы даярлау қажет», – деді А. Мақашева.

Басы 1-бетте

«Алтынқұмтың» инфографикасы

2025 жылы ауыл шаруашылығы техникасын өндіруде 300 млрд теңгеге дейін өсім болжануда. Сатып алынатын 10 трактор мен комбайнның 9-ы Қазақстанда жинақталған. Өнеркәсіптік инвесторлар одағының президенті Қайрат Еламанов осылай дейді.

– Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы машиналарын жасау саласында 8 кәсіпорында тракторлар мен астық жинайтын комбайндар шығарылады, олар фермерлердің осы техникаға жыл сайынғы қажеттілігін толық қамтамасыз етеді. Сондай-ақ 20-дан астам кәсіпорын тіркеме және аспалы ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын шығарумен айналысады, – деп мәлімдеді ол.

Соңғы жылдары Қазақстанда алғаш рет жаңа өндірістер ашу және аспалы және тіркемелі ауыл шаруашылығы техникалары бойынша импортқа тәуелділік жыл сайын төмендеуде.

«АЛТЫН-КҮМІС ТАС ЕКЕН»:
Сенімді инвестиция құралы неге қымбаттады?

Алтын қымбаттады. Әлемде алтын бағасы кейінгі 30 жылда бес есе өскен. Дүниежүзілік алтын кеңесі осылай мәлімдеді. 1991 жылы баға орташа есеппен 362,3 доллар болса, 2010 жылға дейін ол мың доллардан әрі аспаған. Құнды металдың бағасы содан кейін шарықтап шыға келді. Мәселен, 2020 жылы 1769,6 долларға тең болса, 2021 жылы сауда-саттық нәтижесінде 1792,45 доллар деп бағаланды. Ал биыл алтын бағасы күн сайын қымбаттауда десек артық айтқандық емес. Тіпті сарапшылар мұны «рекордтық өсу» деп бағалауда. Ұлттық Банктің дерегі бойынша 2024 жылғы 30 қазанда 1 грамм алтынның бағасы бірден 638 теңгеге немесе 1,5%-ға өскен. Алтынның бағасы бір унция үшін 2800 долларға дейін (унция = 31,1034768 грамм), Нью-Йорктегі Comex биржасындағы сауда-саттықта алтын бағасы 2791 долларға дейін көтерілген.

Алтын бағасының өсуінің негізгі себебі – АҚШ-тағы сайлау жақындаған кезде алтынға баспана активі ретінде сұраныс және федералдық резервтік жүйесінің пайыздық мөлшерлемелерінің төмендеуін күту. Инвесторлар бұл жағдай доллардың әлсіреуіне және алтынның қымбаттауына әкелуі мүмкін деген болжам айтуда. Алайда Америкадағы сайлаудан кейін баға төмендейді деп болжануда. Айта кетейік, жыл басынан бері алтын 43,3%-ға өсіп, инвестициялаудың ең тиімді құралы болды. Елдегі алтын бағамына келетін болсақ, ҚР Ұлттық Банкінің дерегі бойынша 2024 жылдың 30 қазанда қымбат металдың бағасы бір грамм үшін 43460 теңге деңгейінде тіркелді, бұл 1 қазанмен салыстырғанда 6%-ға (40999,46 теңге) артық. Ал 2024 жылдың 1 қаңтарында 1 грамм алтын 30323,51 теңгені құраған болатын. Бір айта кетерлігі, алтын қымбаттаған тұста Қазақстанда алтын сату көлемі де өсе түскен. Өзгелер алтын сатып алудан алға шықса, мұндай кезде Қазақстанның алтын сатуы нені білдіреді? Ұлттық банк ақпаратына сүйенсек, 2024 жылдың үшінші тоқсанында екінші деңгейлі банктер және жеке банктік емес валюта алмастыру орындары салмағы 475,5 келі болатын 14000 алтын құймасын сатқан.

Экономистердің пікірінше, алтын мен инфляция бірге жұмыс істейді, өйткені инфляция — бұл ақшаны тез девальвациялаудың бір тәсілі және бұл кезде адамдар ақшаларын алтынмен сақтауды жөн көреді. Сондықтан инфляция ұзақ уақыт бойына жоғары болғанда алтын инфляциялық жағдайлардан қорғайтын құралға айналады. Бұл алтын бағасының болжамын инфляциялық кезеңде жоғары деңгейге көтереді.

Алайда алтынды сақтау пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуіне жол берілмейтінін және жинақ құны қымбат металдың есебінен сақталатынын білдіреді. Шын мәнінде, сарапшылардың пікірінше, қалыпты жағдайда алтын мен пайыздық мөлшерлемелер арасында әжептәуір айырмашылық бар.

Бір қызығы, кейбір елдерде алтынның бағасы ауа-райы сияқты құбылып тұрады. Мысалы, Үндістан жыл сайын 800-850 тонна алтын тұтынады, ал Үндістанның ауыл шаруашылығымен айналысатындар елдегі алтын тұтынудың 60 пайызын құрайды екен. Осылайша, жаңбырлы маусым алтынды тұтынуда үлкен рөл атқарады, өйткені егер егін бітік болса, фермерлер активтерді құру үшін табысына алтын сатып алады.

Алтын бағасының ел экономикасына әсері қандай? Бұл орайда белгілі экономист Мақсат Халықтың пікірін білген едік.

– Алтын бағасының экономикаға әсері өте зор. Алтын – құнды металл және ұзақ жылдар бойы өзінің құндылығын жоғалтпайтынын дәлелдеген. Қаржысы бар азаматтар инвестиция құралы ретінде алтынды таңдайды. Әрине, экономикада алтын әшекей бұйымдарына емес, алтын құймалар алып қоюға кеңес береді. Себебі алтын әшекей бұйымдарда грамдалған көрінісі көбінесе сәйкес келмейді. Ал алтын құймалар өзінің құнын жоғалтпайды. Алтын бағасы қай кезде өседі? Көбінесе әлемде қор биржаларында тұрақсыздық орнайтын кездер болады, дағдарыс уақытында, көптеген ірі компаниялардың акциялары құлап жатады. Сол кезде инвесторлар сақтану үшін көптеп алтын сатып ала бастайды. Сондай-ақ шикізат және мұнай бағасы белгілі дәрежеде құлдыраған кезде алтын саудасы қыза түседі. Өйткені шикізаттық ресурстарға сұраныс төмендеп, өндіріс ақырындап баяулайтынын білдіреді. Сөйтіп, көптеген инвест компания өзінің құнын жоғалта бастайды. Осы кездерде инвесторлар алтынға ақша салғанды дұрыс көреді, – дейді экономист-сарапшы.

Тағы бір айта кетерлігі, ақшалы азаматтар ақшасын сақтау үшін шетелдік валюталарды, долларды таңдайды. Әлемдік нарықта доллар құнын жоғалта бастаған кезде инвестиция ретінде тағы да алдыңғы кезекке алтын шығады. Әрине, бұл әр елге байланысты. Мысалы, долларға қатысты теңге құнын жоғалтып жатса, қазақстандық азаматтар өзінің ақшасын сақтау мақсатында алтын сатып алады. Соңғы жылдары Ұлттық банктің шығарған алтын құймаларын қалаған көлемде сатып ала алады. Сондай-ақ оның өтімділігі де жоғары, егер қайтып сатам десеңіз де Ұлттық банк қайта сатып алады, бұл айырбастау пунктері арқылы жүзеге асады. Алтынның бір үлкен артықшылығы сол, қаражатыңыздың ұзақ мерзімге сақталуына септігін тигізеді. Бірақ бір мәселе, бұл бүкіл ақшаңызды алтынға салып қою деген сөз емес. Қаржыгерлердің кеңесі мынадай: ешқашан қаражатыңызды бір ұяшыққа салмаңыз, оны әртараптандырып, бірнеше ұяшыққа салғаныңыз дұрыс. Сондықтан жинағыңыздың 30 пайызын ғана алтынмен сақтасаңыз болады, одан қалған бөлігін долларда, еурода және алты айға дейінгі жұмсауға қажет қаражатты теңгемен ұстауға кеңес береді.

Биыл алтын бағасының рекордтық көрсеткішке дейін қымбаттауының себебі неде? Бұл орайда тағы да белгілі экономист Мақсат Халықтың пікірін білдік. Айта кетелік, сарапшы елде алтын саудасының қыза түскенін қалыпты жағдай деп бағалайды.

– Алтынның бағасы соңғы кезде рекордтық көрсеткішке дейін өсіп жатыр. Қазір әлемдегі геосаяси жағдайлардың тұрақсыздығы, біраз елде соғыс өртінің өршіп тұрғандығы, әлемде көптеген экономика, қаржы, бизнес заңының бұзылуына әкеліп жатыр. Қор биржасында да тұрақсыздық байқалады. Сондықтан да экономистер мен сарапшылар әлемде қаржы дағдарысы болуы мүмкін деген болжамдарын айтуда. Мұның барлығы белгілі дәрежеде инвесторлардың тәуекелді басқару саясатында жаппай алтын сатып алуға қаржы бөліп жатқанын көрсетеді. Сондықтан да алтын бағасының қатты өсіп жатқандығы белгілі бір дәрежеде қаржы дағдарысы орын алуы мүмкін деген белгіні білдіреді. Әлемде тұрақсыздықтың себебі осындай салдарға алып келуі мүмкін. Қазақстан алтынды неге сатып жатыр? Баға қатты өскен кезде алтынды сататын уақыт. Сондықтан Ұлттық банктің бұл қадамын құптаймын. Яғни бағасы өте жоғары болып тұрған кезде сатса, ол белгілі бір дәрежеде қазынаға пайда алып келеді. Сондықтан Ұлттық банк осындай саясат жүргізіп отыр. Алтынның қоры бойынша да біз әлемде 12-13 қатардамыз. Бұл алтын резервтерінің бар екенін көрсетеді. Бір маңызды мәлесе – халыққа да, артық қаражат сақтайтын азаматтарға қарата айтарым: алтын – қаражатты сақтап қалудың негізгі көзі. Өйткені алтын арзандады деген күнде де қатты төмендемейді. Ақшаны қандай да бір валютада сақтасаңыз, ол валюта құнсызданып кетуі мүмкін, ал алтынның тұрақтылығы бар. Сондықтан ақшаны басқаруда бірнеше валютада ақша ұстаған дұрыс және де артық қаражат болса, алтын алып қою керек. Алтын дегенде зергерлік бұйым емес, Ұлттық банк шығарған алтын құймаларды алып қоюға болады.

P.S. Алтын ел экономикасы үшін де, қарапайым халық үшін де қауіпсіз қор саналады. Демек жиғаныңыз алтын болса, болашағыңызға қам жемесеңіз де болады.

Бетті дайындаған **Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА**

Суреттер ашық дереккөзден алынды

ЖЕЗҚАЗҒАН ЖОЛЫ

Мүмкіндіктер тетігіне айнала ма?

Астанаға 12 сағатта жетеміз

«Жолдың жайын жүрген білер» деген бар. Бас-аяғы төрт жүз шақырымды толтырып, Жезқазғанның төрінен бір-ақ шығамыз. Бірақ сол қашықтық осыған дейін бейнеті бітпейтін қашықтыққа айналған еді. Сырдағы жұмыс қарқынды, бітуге жақындады. Қырдағы жұмыс та көп күтпей басталып кеткен. Қазір ондағылар айналма жолдың жайын реттеп жатыр. Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитеті, ғылым және жұмыс сапасы басқармасының басшысы Нұртілек Хасенов межелі жерге жетемін дегенше журналистердің ортасында отырып, жол саласындағы күрмеуі қиын түйіткілдерді де тілге тиек етті.

– Барлығы бірден бола бермейді. Елімізде 95 000 шақырым жол бар. Оның 25 мыңы республикалық деңгейде болса, 70 мың шақырымы – жергілікті деңгейде. Ал Қызылорда облысына келсек, мұнда 3571 шақырым жол бар. Республикалық деңгейге жататын 1024 шақырымының жағдайы 94 пайыз жақсы деген бағаға ие болған. Жергілікті жолдардың бұл көрсеткіші қазір 87 пайызға жетті. Сыр өңіріндегі жол жөндеу жұмыстарының қарқынына қарасақ, көп ұзамай 88 пайыз болады деп күтіп отырмыз. Міне, «сабақты ине сәтімен» деп, әрбір жолдың сәт сайын жаңарып келе жатқанын байқаймыз, – деді Нұртілек Хасанов.

Егер осы жол реттеліп, Жезқазған мен Қызылорданың арасын сапалы асфальт жалғағанда Арқаға бет алған ағайынның Астанаға қанша сағатта жететіні бізді қызықтырды. Ал комитет өкілі көп мүдірмеді.

– Егер орташа жылдамдықты сағатына 100 шақырым деп алсақ, 12-13 сағатта Астанаға кіріп барамыз. Алдағы уақытта бұл жолға жолдың ұзақтығы мен уақытты есептеп, орташа жылдамдықты шығаратын құрылғы қойылады. Сонда жол бойында аламанның көркін қыздырған жүйріктер де сабасына түседі, – деді сеніммен.

Жалғыз отандық компания

Осы жолдың бойындағы жалғыз отандық компания – «Қыран» мекемесі. Яғни Ұлытау мен аралықта бес компания жол істеп жатса, соның біреуі ғана – жергілікті компания. Әрине, барлығының да құқы бірдей. Тек жергілікті жігіттердің жұмыс істегенін құптайтынымыз анық. Ал «қырандықтар» қарқынды жұміс істеп, ең бірінші болып аяқтап жатыр. Енді жол бойындағы сервистік қызмет көрсету нысанының айналасын абаттандырып жатыр.

– Бұл жолдың бізге тиесілі бөлігі – 127-156 шақырым аралығы. Яғни 29 шақырым жол. Осы кезде жолдың үш қабатты жабындысы төселіп, аяқталды. Жолақтар сызылып, жол белгілері қойылып, жарық бағаналары орнатылды. Жыл аяғына дейін біз жұмысымызды толық аяқтаймыз. «Қыран» мекемесінен 150-ден астам жұмысшы, 90 техника атсалысты. Демалыс алаңы 7 мың шаршы метрге орналасқан. Арнаулы тұрақ орындарымен қамтамасыз етілген. Жобада бар нысан. Жолды сапалы әрі уақытылы аяқтау үшін бар күш-жігерімізді жұмсадық, – дейді жоба жетекшісі Өмірзақ Бисентай.

Аймақта сапалы жұмысымен танылған компания бұл жолы да ең бірінші кезекте жұмыстың сапасына мән беріп отыр. Мекеме басшысы Жайсаң Сыздықов барлық істің басында өзі жүр. Ол журналистерге сапа туралы пікірін айтты.

– Қазір талап өте жоғары. Бұл жол қолданысқа өткеннен кейін де бес жыл бойы кепілдік береміз. Сол уақытта салған жол сыр бермес үшін ең бірінші сапаға көңіл бөлу керек. Тағы бір талабы – мекеменің 500 млн теңге қаражаты бес жыл бойы «Қазавтожолдың» еншісінде тұрады. Егер де атқарған жұмысымыздан ақау шығып жатса, ол бізге қайтпайды. Демек, жолдың сапалы болуы үшін осы талаптың сақталуын өзіміз де қолай көреміз. Ал ең бастысы, Қызылорданың тумасы ретінде әрбір атқарған жұмысымыздың ел игілігі жолында кәдеге асуына, туған жердің бір перзенті ретінде елдің дамуына титтей де болса, үлес қосуға міндеттіміз. Бұл – перзенттік парыздың бірі. Елдің алдында ұятқа қалмау керек. Осында жұмыс істеп жатқан барлық компания бір уақытта келісім алдық. Ал біз өзімізге жұмысты бірінші бастап, бірінші бітіреміз деген серт қойдық. Сол сертте тұрдық, – дейді Жайсаң Сыздықов.

Талап – қатал, жұмыс – қарқынды

Еуропалық даму және қайта құру банкі арқылы қаржыландырылған жобада мердігерлерге өте жоғары талап қойылған. Осы үдеден шығу – абыройлы міндет. «Қызылорда-Жезқазған» автожолының сапалы салынуы «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК мамандарының ұдайы бақылауында. Мәселен, 2024 жылы жылжымалы зертханамен қайта жаңғыртудан өтіп жатқан жолға 1028 рет тексеру жүргізілген. Жол жабындысы мен құрылыс материалдарынан 4,2 мың сынама алынып, соның 20 пайызы (857) зертханалық зерделеу барысында талапқа сай шықпады. Алайда анықталған олқылықтарды мердігерлер өз қаржысы есебінен қайта қалпына келтіріп, 167,1 миллион теңгенің жұмысын жүргізген.

– Бұл республикалық маңызы бар автожол Мемлекет басшысының тікелей назарында. Көлік министрі де үнемі бақылауында ұстап отыр. Қандай да бір ақау анықталса, мердігер компания дер кезінде кемшіліктерді жойып, талапқа сай жұмыс істеп жатыр. Ал қазір салынған үш учаскедегі жолдың тегістігіне келетін болсақ, зерттеу жұмыстарының қорытындысымен 96-98 балл жүйесімен бағаланып, нормативтік талаптарға сай келетінін көрсетіп отыр. Тағы бір айта кетерлігі, жолды салғаннан кейін де мердігерлерге 5 жылға дейін кепілдік мерзімі қаралған. Яғни, жолдың кейбір жерлері сыр беріп жатса, өз қаржысы есебінен қайта қалпына келтіретін болады, – деді «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК бас директоры Болатбек Айтбаев.

Жыл аяғына дейін «Қызылорда-Жезқазған» автожолының 140 шақырымы қайта жаңғыртудан өтіп, пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Талап қатал екені анық. Десе де, керуен жолында түйедей болып, шамадан тыс жүк артқан автокөліктер көліктік бақылау инспекциясының назарынан сытылып кетіп жатады. Пайданы молынан табамын деп, жолдың сапасына зиян келтіріп жүрген оларды қайтпекпіз?! Екі есе салмақтағы жүк артқандардың зияны мердігерге тиіп жүрмей ме?

– Бұл – орынды мәселе. Біз жол бойында автоматтандырылған өлшегіш құралдар қоямыз. Олар көліктің салмағын өлшеп, егер артық болса автоматты түрде айыппұл сала береді. Бәрімізге камера арқылы бір-ақ күнде қауіпсіздік белдігін тақтырғаны естеріңізде ғой. Дәл солай тәртіпке шақырамыз. Ал одан айналып өткендерді көліктік бақылау инспекциясы күтіп тұр, – деді Болатбек Қабыланбекұлы.

Жол бойында қыздар да жұмыс істейді

Қытайлық компаниялардың бірінде қызылордалық Маржан Камарова аудармашы болып жұмыс істейді. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан ерлермен бірге иық теңестіріп, еңбек етіп жүр. Ол жұмыстың сапасы жолында қызметкерлер тынымсыз тер төгіп жүргенін жеткізді.

– Мен 2023 жылдан бастап жұмыс істеп келемін. Жоба басталғалы осындамын. Жұмыс кезінде вахталық қалашық болмағандықтан, өз күшімізбен жағдай жасадық. Бұл – біздің компанияның Қазақстандағы ең алғашқы жобасы. Ұйымдастырушылық бағытта аздаған қиындық болды. Бірақ қазір оның бәрін еңсеріп, жұмыла жүк көтеріп жатырмыз. Биылға жолдың 25 шақырымын үш қабатты асфальт жабындысын төсеп, пайдалануға беру жоспарда бар, – дейді қытайлық компанияның өкілі.

Жолаушы тасымалына оң ықпалы көп

Серік Райымбеков Қызылорда-Жезқазған жолында бес-алты жылдан бері жолаушы тасымалымен айналысады. Қазіргі жолдың жағдайына оң бағасын берген ол жаңа жолдың берері көп екенін айтады.

– Біріншіден, уақыт үнем болады. Қазір ой-шұқырдың салдарынан бірде тоқтап, бірде жүріп, жылдамдықты азайтып отырсақ, жаңа жолда тізгін тартпайсың. Екіншіден, көліктің қосалқы бөлшектері де ұзаққа жетеді. Қазір осы аралықтағы автокөліктерді көрсеңіз, жылы жаңа болғанымен, түрі қартайып кеткен. Үшіншіден, қауіп-қатер аз болады. Қазір шыбын жанымызды шүберекке түйіп жүргеніміз жасырын емес. Осы мәселенің шешілуіне ықпал еткен әрбір азаматқа айтар алғысым мол, – дейді ол.

Жол – экономиканың негізгі тіректерінің бірі. Бүгінде комитет тарапынан оң баға алған аймақтың жолдары алдағы уақытта да осы үдеден шыға берері анық. Ал қызылордалықтар мен арқадағы ағайын арасына алтын көпір болар Ұлытаумен ортадағы автожол 2027 жылы толық қайта жаңғыртылатын көрінеді. Әрине, ол тікелей көршілердің әрекетінің қарқынына байланысты.

Дәулет ҚЫРДАН,
Суретке түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

Басы 1-бетте

ТІЛ БІЛІМІНЕ ТЕРЕҢ БОЙЛАҒАН МЕКТЕП

Бүгінде орта мектепте қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, оқушылардың қазақ тілінде ойлау және сөйлеу дағдысын жетілдіру мақсатында республикалық «Тілге бойлау» жобасы қолға алынуда. Бұл аймақта алғаш рет пилоттық жоба ретінде жүзеге асырылмақ. Бұл орайда А.Байтұрсынов атындағы №211 орта мектебі таңдалған.

– Оқу-ағарту министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы «Тілге бойлау» жобасының концепциясын іске асыру мақсатында қазақ мектептерінде білім алушылардың тілдік дағдыларын жетілдіруді қолға алуда. Жоба аясында 6 ғылыми зерттеу зертханасы мен ҚазТест орталығы жұмыс істейді. Бүгінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті ғалымдарымен шығармашылық байланыс орнатылып, екі жақты меморандумға қол қойылды. Сонымен бірге Алматы қаласындағы мемлекеттік тіл дамыту институты, Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы, облыстық әдістемелік орталықпен тығыз байланыс орнатылған, – дейді мектеп директоры.

Білімді ұрпақтың мектеп қабырғасынан жан-жақты дамуы, ізденісте болуы керек-ақ. Ал мектеп қабырғасында жүзеге асатын жобалар оқушының қабілетін ашуға, дағды қалыптастыруға таптырмас құрал.

«Тілге бойлау» жобасының да оқушыларға берері мол. Соның нәтижесінде оқушылардың қазақ тілін терең меңгеруіне, таза, анық сөйлеуіне, сөз саптауына, тіпті шығарма, мәтінді сауатты жазуды игеруіне де сеп болмақ. Білім ордасының басшысы Айжан Шорабекқызының айтуынша, жоба аясында оқушылар әр пән бойынша термин сөздерді қолданбай қазақша атауымен айтуға дағдыланады.

– Жоба бойынша 6 зерттеу бағыты қамтылған. Оның ішінде «Тыңдалым» ғылыми-зерттеу зертханасында оқушының бойына ұлттық құндылықты сіңіру, әлемді қазақ тілі арқылы таныту, рухани, ұлттық дүниетанымын кеңейту міндеттелсе, «Айтылым әрекеті» зертханасында ауызша сөйлеудегі әдеп, мәнерлі сөйлеу шеберлігін үйретеді. Сол сияқты «Академиялық жазылым» зертханасында әлеуметтік-мәдени, ғылыми, ресми, іскерлік бағытта мәтін жазуды игереді. Яғни мәтінге, ғылыми жобаға жоспар құру, шығарма, эссе, мазмұндама жазуда ойын көркем жеткізуді әрі орфографиялық, пунктуациялық қатесіз жазуды үйренеді. Бұдан бөлек «Оқу сауаттылығы» зертханасы бар. Мұнда оқушылардың функционалдық сауаттылығын, академиялық білімі мен дағдысын, оқу сауаттылығының сапасын арттыруға басымдық беріледі. Ал «Грамматикалық өнер» зертханасында оқушылардың коммуникативтік дағдысы қалыптастырылады. Қазақ тілі білімінің мета тілін меңгеру арқылы түрлі деңгейдегі пәндік олимпиадаларда, ғылыми жобаларда өз мүмкіндіктерін көрсететін болады. Жобаның соңғы бағыты «Ахметтану» ғылыми-зерттеу зертханасы деп аталады. Мұнда гуманитарлық және жаратылыстану пәндері бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы ұйымдастырылады, – дейді Айжан Шорабекқызы.

Мектепте тіл меңгеру жұмысы мұнымен шектелмейді. Қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау бойынша Қазтест орталығының базасы білім грантын иеленді. Білімді де тәрбиелі шәкірт тәрбиелеу ісінде мектепте 80-ге жуық мұғалім жұмыс істеуде. Оның 30-ы педагог-зерттеуші болса, 14-і педагог-сарапшы, 20 педагог-модератор бар. Сонымен қатар мектепте инклюзивті білім беру кабинеті жасақталып, ерекше балалардың қоғамға бейімделуіне жағдай жасалуда. Бұдан бөлек оқу-

сы қалыптаспақ. Қазіргі таңда қажетті техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілген.

– Ұлттық тестілеу орталығымен алдағы уақытта біліктілік тестін, сондай-ақ магистратура, докторантураға түсуде дайындық тесттерінен

өтуге мүмкіндік жасалуда. Сонымен бірге 4-9 сыныптарға арналған сынамалы тест топтамасы әзірленді. ПИЗА, ПИРЛС, ТИМСС, АЙСИЛС-ке типтес тапсырмалар құрастырылды, – дейді білім ордасының басшысы.

Қазақ тілі білімін дамытуда қажырлы еңбек еткен Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынов атындағы мектеп ұжымы атына заты сай білім ошағы болуды мақсат еткен. Сол мақсатқа жету үшін «Тілге бойлау» пилоттық жобасын сәтті жүзеге асыруды көздейді.

Еліміздің білім саласын әлемдік талапқа сай ету, білім сапасын арттыру, сол арқылы оқушылардың 3 тілді жетік меңгеруі, ақпарат пен технология заманында заманауи технологиямен жұмыс істей білуін, креативті ойлап, талдау жүргізе алуын, олардың жеке, жұппен, топпен бірге жұмыс істей алуын қалыптастыру ұстаздарға қойылар басты талап. Бұл ретте мектеп ұжымы оқушыларға сапалы білім беріп, тұлға ретінде қалыптасуына күш салуда.

Ұлағатты жандардың шәкірт тәрбиелеудегі еңбегі еш кеткен емес. Білім беруде ұстаз үмітін ақтаған оқушылар жетерлік. Олар мектеп абыройын асырып, білім сапасының артуына да өз үлесін қосуда. Қалалық, облыстық, республикалық сайыстарда үздік шығып, білім додасында оза шапқан шәкірттер мектеп мақтанышы. Былтырғы оқу жылының қорытындысы бойынша межелі мақсатқа жеткен білім ордасын тәмамдаған 40 түлектің 26-шының рухани толысуына, шығармашылығын дамытуына Coworking орталығының да септігі мол. Одан басқа 32573 кітап қоры бар кітапхана қызметін кітапқұмар оқушылар игілігіне пайдалануда.

Білім ордасында тек білім беру ісі емес, шәкірттерді өнерге баулу, қабілетін ашу, спортқа бейімдеу шаралары да қолға алынған. Қыз баланың өнерді игеріп, ұлттық дәстүрді меңгеріп, ұлттық құндылықты дәріптей алғаны керемет емес пе? Осы орайда білім ордасында «Іскер ана» жобасы қолға алынған. Мұндағы мақсат – халқымыздың салт-дәстүрін қыз балалардың бойына сіңіру, тұрмыстық бұйымдар жасауды үйрету, қолөнер шеберлігіне баулу. Ол үшін арнайы кабинет жабдықталып, оны оқушылардың жасаған бұйымдарымен толықтырған. Кабинет тоқу құралдары, тігін машиналары сынды өзге де қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған. Ал оқушылардың қолынан шыққан қолөнер туындылары ерекше сән беріп тұр.

Сондай-ақ, мектепте «Сарыжайлау» домбыра үйірмесі де жұмыс істейді.

Ұлттық құндылықты бала бойына сіңіруде мектеп ұжымы басымдық берген тағы бір дүние тоғызқұмалақ ойынының тың әдісі енгізілген. Мұндағы ерекшелік оқушылар ойынды асық арқылы және топ болып ойнайды. Оның өзіндік ережесі мен тәртібі бар. «Бұл баланың ақыл ойын дамытып қана қоймай, қимыл-қозғалысының ширақ болуына да әсер етеді» дейді ұстаздар қауымы. Сондай-ақ шахмат, каратэ-до үйірмесі де оқушылар үшін жұмыс істеуде. Тоғызқұмалақ үйірмесіне 70 оқушы барса, 50 оқушы шахмат, 40 оқушы каратэ-до спортын үйренуде.

Қазіргі таңда оқушы қауіпсіздігі – басты назарда. Бұл ретте білім ошағы күзет қызметі, өрт, дыбыстық ескерту мен бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етілген.

Оқушыға сапалы білім, саналы тәрбие беріп, өнерге үйретіп, спортқа баулып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасаған білім ұясынан келешек мықты азаматтардың шығары сөзсіз. Мұндай заманауи мектепте білім алған балада арман жоқ.

А.ӘЛІМ

Басы 1-бетте

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты қалалық «Ақмешіт апталығы» газетіне кандидаттың үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2024 жылға өз қызмет құнын ұсынады

Қалалық «Ақмешіт апталығы» газеті 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті.

Шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы - 3498 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны, ҚҚС қоса есептегенде:

бірінші бетте орналастыру – 250 теңге;
ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

***

aqmeshit-aptalygy.kz ақпараттық агенттігіне (сайт) кандидаттың үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2024 жылға баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – 10000 теңге (1 апта);
400 x 800 px – 8000 теңге (1 апта).

Instagram: Post (video, photo, reels) – 10 000 теңге
Stories – 5 000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 7000 теңге
Telegram: Post (мәтін) – 7 000 теңге
(мәтін +фото/видео) – 10 000 теңге

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады.

Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күн бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: smjarnama@mail.ru

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ірі қалаларда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдейтін зауыттар салу» тапсырмасына сәйкес, облыс әкімінің қолдауымен алдағы екі жылда 9 жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Қалдықтарды сұрыптау және өңдеу саласында 8 жоба «Жасыл Даму» акционерлік қоғамының қаржыландыру механизмі арқылы іске асады. Оның ішінде, облыс орталығы Қызылорда қаласында 2 ірі жобаны жүзеге асыру ойда бар. Оның бірі Оңтүстік Корея инвесторларымен жүзеге асатын қолданыстағы полигонды жаңғырту жобасы. Бұл жоба аясында Оңтүстік Корея технологиясы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату зауыты салынады. Қуаттылығы жылына 300 мың тоннаны құрайтын зауытта қалдықтар кәдеге жарап, электр энергиясы өндірілмек.

ҚАЛДЫҚСЫЗ ҚАЛА НЕМЕСЕ ӘЛЕМ НАЗАР АУДАРҒАН МӘСЕЛЕ

Елдегі ахуал қалай?

Жыл сайын елімізде 4,3 млн тоннадан астам қатты тұрмыстық қалдық жиналып, соның небәрі 12 пайызға жуығы ғана қайта өңделеді. Қалғаны қоқыс полигондарына көміледі екен. Елімізде тұрмыстық қалдық тасталатын 3520 полигон бар, соның 18 пайызы ғана тиісті талапты сақтауда. Қоғам белсенділері және экологтар заңсыз қоқыс алаңдарының азаймағанын айтып, дабыл қағып жатқаны тегін емес. Өндірістік және тұтыну қалдықтары тасталатын орын саны 17 934-ке жеткенімен, осы полигондардың дені санитарлық талаптар мен экологиялық стандарттарға сәйкес келмейді. Жалпы сарапшылардың дерегінше, жыл сайын елімізде 700 миллион тонна өнеркәсіптік қоқыс пен қалдық жиналатын болса, оның 250 миллионы денсаулыққа қауіпті улы заттар екені анықталған.

– Автокөлік шинасын жерге көмсек, 150 жылға дейін шірімейді. Ал осындай дөңгелектің 1 тоннасын өртесе, ауаға 250 келі күл тарап, 450 келі уытты газ бөлінеді екен. Енді экологиялық заң бойынша барлық ұйым шиналарды арнайы кәдеге жарату орындарына тапсырады. Ал жеке тұлғаларға оның әр келісі үшін 5 теңгеден ақы төлеу де қарастырылған. Қызылордада әзірге автокөліктің ескі доңғалағын қайта пайдаға жарататын бір ғана өндіріс бар. Онда спорт алаңдарына арналған резеңке үгінділері мен су түтікшелері шығады. Сондықтан осы саланы тезірек қолға алса екен, – дейді Мырзахан есімді азамат. Қалдықтарды полигонға көму оларды жоюдың негізгі әдісі емес. Демек, қоқыстан құтылудың қосымша жолы қандай? Бұл – өңдеу.

Әлем мемлекеттері қоқысқа қарсы

Дамыған Еуропа және Азия елдері қалдықтардың ластану проблемасын шешуде айтарлықтай тәжірибесі бар десек артық емес. 1975 жылдан бастап французздар қайта өңдеу технологиясын белсенді түрде дамытты. Осы кезеңде оның аумағында полигондар саны 6 мыңнан 230-ға дейін азайған.

Қалдықтарды сұрыптап, қайта өңдеу ісі бойынша Германия Еуропада алдыңғы орында. Бұл ел ең алғаш мұндай тәжірибені 1990 жылдың басында іске асырып көрді және әлі күнге дейін дамыту үстінде. Немістердің әрқайсысының пәтерінде қоқыс жинауға арналған кемінде үш түрлі ыдыс болады. Ол кейде, тіпті, сегізге дейін жетеді. Қоқысты қайта іске асыру және сұрыптау бойынша французздар қалыспайды. Францияда қоқыс өртейтін арнайы кешенді зауыттар салынған. Мысалы, Париж түбіндегі Иври-сюр-Сен зауыты жылына шамамен 600 мың тонна қоқыс өртейді. Қоқыстарды парализ тәсілі бойынша жоғары температурада өртейді. Соның әсерінен зиянды улы заттар толық еріп, күлге айналады. Франция қоқысты сұрыптап жинау әдісі мен қайта өңдеу нәтижесінде 30 пайыз алюминий, 50 пайыз әйнек, газет қағазын өндіріп отыр.

Күншығыс елінде қоқыс қалдықтарын сұрыптауға өте кірпияз қарайды. Бұл елде, тіпті, қалдық тастағаны үшін полицияның ескертуін елемеген адамның сотталып кеткенін естісеңіз таңқалмаңыз. Жапондықтар елінің экологиясын сақтау үшін барын салады.

Жапонияда тұрмыстық қалдықтарды өртейді, одан алынған энергияны жылыту үшін қолданады. Тұрмыстық техникаларды қайта бұзып өңдеу үшін жөнелтеді. Бұл елде де әр жапондықтың үйінің алдында үш контейнер тұрады. Бірі пластмассаға арналса, екіншісі тағам, ал үшіншісі керексіз заттар үшін. Токио мен ірі қалаларда қоқыс контейнерлері қағаз, пластик, әйнек, темір, жанғыш, жанбайтын, қайта өндірілетін деп іріктеледі. Әр қалдықтың өзіне тиесілі қалталары болады. Жапония – қалдық өңдеу ісінде тым ілгері кеткен елдің бірі. Тіпті аталған елде органикалық қалдықтардың өзінен құрылыс материалдарын жасап шығарады.

Шешім бар ма?

Елімізде шыны, пластик және макулатура сияқты қоқыс түрлерін қайта өңдеу көрсеткіші төмен. Бұл туралы ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев: «Әкімдіктердің мәліметінше, 2023 жылы елімізде 4,1 млн тоннаға жуық коммуналдық қалдық жиналған, оның 1 млн тоннасы (24%) сұрыпталып, қайта өңделіп, қалғаны полигондарда көмілген. Ал 2022 жылы 4,3 млн тоннаға жуық қатты тұрмыстық қалдықтың 25% қайта өңделген», – деді Үкімет отырысында.

«39 ірі елді мекен бойынша ғана ғарыштық мониторинг былтыр 5533 рұқсатсыз қоқыс үйіндісін анықтады, бұл қалдықтардың нақты көлемі есепке алынатын көлемнен әлдеқайда жоғары екенін көрсетеді», – деді Экология министрі.

Қазақстанда кеңестік кезеңнен бері қатты тұрмыстық қалдықтардың көп жиналғаны сонша, билік 2019 жылдан бастап қоқыс полигондарына пластмасса, қағаз бен әйнекті алдын ала сұрыптаусыз көмуге тыйым салған. Осылайша қоғамда экологиялық сана қалыптастыру көзделген. Алайда тыйымнан өзгерген дүниені көрмедік. Шынболат Байқұлов қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеумен айналысатын 50 ұйым мен жеке кәсіпкерлердің басын біріктірген KazWaste қауымдастығын басқарады.

– Мұнай бәрібір жақын арада таусылады. Міндетіміз – қалдықты «айналымға енгізу». Мысалы, пластик өнім сынып қалса, оны жеті рет қайта өңдеуге болады. Бұл циркулярлық экономика, соған ұмтылуымыз керек, – дейді Шынболат Байқұлов. Байқағанымыздай, ел экономикасы мен экологиясы үшін ең дұрыс шешім қалдықтарды қайта өңдеу болмақ. Еуропа мемлекеттері қалдықтар арқылы өз қажеттіліктерін қамтамасыз етіп, өңдеу арқылы жылу өндіріп отыр. Демек, шешім бар. Тек әрекеттің кемесін алға жылжытар азаматтар керек-ақ.

Жаңа жобалар жоспарлануда

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы жыл басынан бері жүйелі жұмыс атқарып, оң нәтижеге қол жеткізіп келеді. Алдағы екі жылда барлық аудандар мен Қызылорда қаласында «Ірі қалаларда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдейтін зауыттар салу» жобасын жүзеге асыру жоспарлануда.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ірі қалаларда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдейтін зауыттар салу» тапсырмасына сәйкес, облыс әкімінің қолдауымен алдағы екі жылда 9 жобаны іске асыру жоспарлануда. Қалдықтарды сұрыптау және өңдеу саласында 8 жоба «Жасыл Даму» акционерлік қоғамының қаржыландыру механизмі арқылы іске асады. Оның ішінде, облыс орталығы Қызылорда қаласында 2 ірі жобаны жүзеге асыру ойда бар. Оның бірі Оңтүстік Корея инвесторларымен жүзеге асатын қолданыстағы полигонды жаңғырту жобасы. Бұл жоба аясында Оңтүстік Корея технологиясы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату зауыты салынады. Қуаттылығы жылына 300 мың тоннаны құрайтын зауытта қалдықтар кәдеге жарап, электр энергиясы өндірілмек.

Сонымен қатар 100-ден аса бос жұмыс орны құрылмақ. Бұдан бөлек қуаттылығы жылына 220 млн шыны ыдыстарын шығаратын жобаны іске асырмақпыз. Зауытқа шикізат ретінде өнімнің 50 пайызына республика бойынша жинақталған шыны қалдықтар қолданылатын болады. Жалпы барлық жоба толық жүзеге асқан жағдайда 500-ден аса тұрақты жұмыс орны ашылып, 500 мың тоннадан астам қатты тұрмыстық қалдықтар сұрыпталып, қайта өңдеуден өтеді, – деді Серік Сағитжанұлы.

Облыстың экологиялық ахуалы көпке мәлім. Ал тұрмыстық қалдықтарды өңдеп, қайта «өмір» сыйлау арқылы өндіріске де, экологияға да пайдалы бағытты таңдау таптырмас шешім. Қалдықсыз Қызылордаға қол жеткізу ортақ мүддеге айналғанда ғана тамшыдай әрекеттерден теңіз құралары анық.

Басы 1-бетте

Қазақстандағы 5 лас қала

Жыл басынан бергі деректер Қазақстандағы экологиялық жағдайдың күрделенгенін көрсететіндей. 70 елді мекеннің ішінде 5 қала өте жоғары ауа ластану деңгейіне жеткен болса, сонымен қатар су ресурстары да сын көтермейтін жағдайда. Тіптен кейбір су айдындарының тек өнеркәсіптік мақсаттарда ғана қолдануға жарамды екені анықталған.

5 бірдей қалада ауа өте қатты ластанған

Министрлік мәліметінше, алғашқы жартыжылдықта Қазақстан Республикасының атмосфералық ауасының сапасын бағалау қорытындысы бойынша елдегі бірқатар қалалардың экологиялық жағдайы алаңдаушылық туғызып отыр. 5 қала өте жоғары ластану деңгейіне, ал 21 елді мекен жоғары ластану деңгейіне жеткен. Айта кетейік, ауа сапасы жақсырақ 16 елді мекеннің қатарына Көкшетау, Степногорск, Саран, Қордай және тағы басқа қалалар жатқызылған. Бұл аймақтарда экологиялық жағдай біршама жақсырақ екен. 28 қала мен елді мекен ластану деңгейі орташа деп танылыпты. Олардың ішінде Атырау, Ақтау, Шымкент, Жезқазған, Тараз сияқты ірі қалалар бар. Бұл аймақтарда атмосфералық ауаның сапасы салыстырмалы түрде тұрақты болғанымен, экологиялық мәселелер шешуді талап етеді.

Үшінші топқа ластану деңгейі жоғары деп танылған 21 қала кіреді екен. Бұл қалаларға Алматы, Өскемен, Теміртау, Балқаш, Орал, Риддер, Сәтбаев, Павлодар, Петропавл, Қостанай, Түркістан және тағы басқа қалалар жатады. Ауаның ластануының жоғары деңгейі өндірістік кәсіпорындар мен автокөліктерден шығатын газдармен тығыз байланысты. Мысалы, Алматыдағы көлік тығыздығы ауаның сапасына айтарлықтай әсер етіпті.

2024 жылдың алғашқы алты айында ең лас қалалар Қарағанды, Астана, Талғар, Ақтөбе және Ақсай болып танылды. Бұл қалаларда ауаның ластануы өте жоғары деңгейге жеткен. Әсіресе, Қарағанды мен Атырауда жағдай ерекше алаңдатарлық. Биыл Қарағандыда – 94 рет, Атырауда – 91 рет жоғары ластану оқиғасы тіркелген. «Мұндай көрсеткіштер көбінесе өндірістік аймақтардың көптігімен және өнеркәсіптік шығарындылардың әсерімен байланысты», – делінген министрлік хабарламасында.

Тек өнеркәсіпке жарайтын 3 өзен

Министрліктің мәліметінше, 132 жерүсті су нысанында бақылау жүргізіледі. Оның ішінде өзендер, көлдер, су қоймалары бар екен. Судың сапасы 60 көрсеткіш бойынша тексеріледі. Соның ішінде температура, ластану деңгейі және ауыр металдардың болуы сияқты талаптар бар.

Жылдың алғашқы жартысында алынған су сапасы нәтижелері бойынша бірнеше санатқа бөлінді. Ең жақсы сапаға барлық мақсаттар үшін қолайлы Ертіс өзенінің суы іліккен болса, жақсы сапа ретінде шаруашылық және өнеркәсіпке жарамды Ертіс өзені анықталған. Балық өсіру, суару және өнеркәсіп үшін жарамды Талас, Аса, Шу, Іле өзен суының сапасы орташа деп тіркелсе, тек өнеркәсіпке жарамды Жайық өзені (Атырау облысы), Есіл өзені (Ақмола облысы), Сырдария (Қызылорда облысы) төмен сападағы су ретінде бағаланған.

Министрлік ұсынған бұл деректер Қазақстандағы экологиялық жағдайдың ушығып келе жатқанын көрсетеді. Ауаның және судың ластануы тұрғындардың денсаулығына кері әсерін тигізіп, табиғи ресурстардың сапасын төмендетіп жатыр. Бұдан біз алдағы уақытта экологиялық проблемаларды шешу үшін мемлекеттік деңгейде кешенді шаралар қабылданып, тұрғындар арасында экологиялық сауаттылықты арттыру аса маңызды екенін аңғарамыз. Экологияның қорғалуын қамтамасыз ету тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әр азаматтың ортақ міндеті болуы тиіс.

Ең таза қала қандай?

«Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясы Экология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп жүргізіліп жатқан ғарыштық мониторинг деректеріне сай ең таза қаланы атап көрсеткен еді. Мәліметтерге сүйенсек, елдегі ең таза қала Ақтау деп аталды.

Спутниктердің көмегімен жерді жыл сайынғы қашықтан зондтау 1 наурыздан 30 қыркүйекке дейін жүргізіледі. Мамандардың айтуынша, қалдықтарды тек жылы кезде табуға болады. Өйткені жерде қар болса, суреттер бақылауға жарамсыз болып қалады. Бірінші жартыжылдықта Қазақстанда 600-ден астам рұқсат етілмеген қоқыс орындары анықталған. Ғарыштық мониторинг деректеріне сүйенсек, Ақтау шаһарында тек 11 қоқыс орны табылған.

Ал рұқсат етілмеген қоқыс полигондарының көпшілігі Астана қаласының аумағынан анықталды. Онда 206 жерде қалдық үйілген. Одан кейін Ұлытау, Ақмола облыстарында қоқыс көп.

Бетті дайындаған **Аделина РАХМАН**

Суреттер ашық дереккөзден алынды

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3498 **Тапсырыс №1720**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН